

## БӨЛІМ: ИНФОРМАТИКА

**«Информатика әлеміне саяхат» атты зияткерлік сайысы**ЖАРИЯЛАНДЫ  
14.10.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/53361/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Тақырыбы: «Информатика әлеміне саяхат»

Информатика

Мақсаты:

**А) Білімділік:** Оқушыларға дербес компьютерлер құрылғылары, операциялық жүйелер, файл құрылымы, ақпараттың өлшем бірліктері туралы теориялық мағлұматтар беру

**Ә) Дамытушылық:** Оқушыларға пәнге қызығушылығын дамыту, жылдам ойлау дағдыларын қалыптастыру, тез шешім шығара білу қасиетін жетілдіру

**Б) Тәрбиелілік:** Оқушыларға сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеп, адамгершілік тәрбиесін беру, ұлтжандылыққа тәрбиелеу

**ЖОСПАРЫ:**

1. Бәйге
2. Таза тақта
3. Полиглот
4. Құпия алаң
6. Бейне сұрақ

Құрметті ұстаздар, комиссия мүшелері және Білімалушылар! Сіздермен бірлесе отырып, 6-сынып оқушылар арасында «Информатика әлеміне саяхат» атты Информатикалық — интеллектуалды ойынды бастауға рұқсат етіңіздер.

Комиссия мүшелері:

Ендігі кезек өзінің білімін сынауға, алғырлығымен, тапқырлығымен шыңдауға келген

6-сынып оқушыларына береміз.

Бақ пен бап сыналар бұл жарысқа қатысып отырған білімалушыларға сәт сапар тілей отырып, шыңдарға биік қонғайсың демекпін. Ал, жас қырандар I-бөлімізді бастаймыз.

I – бөлім. «БӘЙГЕ»

Бұл бөлімнің шартын түсіндіріп өтейін «Информатика әлеміне саяхат» сөйлеміне информатикалық терминдермен сөз жұмбақ құрастырылған. Сұрақтың жауапбына шапшаң жауап берген білімалушы әрбір дұрыс жауабы үшін 10 ұпайға ие болады.

1. Мәліметтердің бейнесін шығаруға арналған құрылғы? (монитор).
2. Дербес компьютерді басқаратын пернелік құрылғы? (пернетақта).
3. Мәліметтерді сақтаудың бірлігі ретінде қандай объект қабылданған? (Файл).
4. Бұл термин латынның түсіндірілу, баяндау, білу деген ұғымынан туындаған ағылшынның information сөзінен шыққан. (информация).
5. Соңғы кезге дейін ең кең таралған, арзан, әрі пайдалануға қолайлы принтер (матрицалық).
6. Ақпараттың құрамдас бөлігі – (мәлімет).
7. Тышқаның ағылшынша аталуы – (маус).
8. Текстің қазақша аталуы – (мәтін).
9. Мәліметті басып шығару құрылғысы – (принтер).
10. Мәліметтерді тасмалдау құралдарының бірі – (диск).
11. Жадтың көлемі немен өлшенеді – (байт).
12. Файлдың аты кез-келген шектелген нелерден тұрады. (Әріптер)

II – бөлім. Келесі кезең «Таза тақта». Бұл кезеңде оқушылар тақтада жазылған сұрақтарға жауап береді. Әр дұрыс жауап берген сұраққа 5 ұпайдан топқа қосылады.

1. Компьютердің ең негізгі құрылғысы – ( жүйелік блок)
2. Көптеген жартылай өткізгішті элементтерден тұратын және компьютерде барлық есептеулер мен ақпарат өңдеу жұмыстарын орындайтын электрондық схема — (процессор).
3. Алыс қашықтықтағы компьютерлер арасында байланыс арналары бойынша мәліметтер алмасу үшін қолданылатын құрылғы – (модем).
4. Қандай мәліметтерді енгізу үшін сканерлер, графиктік планшеттер және цифрлы фотокамералар қолданылады. (графиктік)

5. Графиктік меңзермен басқарылатын құрылғы – (тышқан).
6. Кескінді құрайтын кішкене нүктелер – (пиксель).
7. Таңбашаның орысшасы. Ол объектіге нұсқағыш қызметін атқарады.(ярлык)
8. Ақпаратты қағазға жазып өзге жерге жіберуді не деп атайды? (хат)
9. Монитормен бірігіп дербес компьютерді ішкі бейнежүйесін не құрайды? (бейнекарта)
10. Компьютерлік ойындарда қоданылатын қолмен басқарылатын тетік — (джойстик).

Сонымен III –бөлімге кезек берейік .

III – бөлім. «ПОЛИГЛОТ».

Бұл бөлімнің шарты бойынша II бөлімнің қорытындысы бойынша ең төменгі ұпай санын алған білімалушыдан бастаймыз. Білімалушы слайдта көрсетілген ұяшықтардың кез-келгенін таңдап, слайдта көрсетілген құрылғыны үш тілде атап айту керек. Үш тілдегі жаубын дұрыс айтса 30 ұпай ал, бір дұрыс емес жауапқа 10 ұпай алынып отырады. Оның дұрыс емес жауабына басқа қарсыластары жауап беруіне болады, және де қалған ұпай саны сол білімалушыға есептеледі.

1. Жүйелі блок; Системный блок; System unit.

2. Монитор; Монитор; Screen.

3. Құлақшын: Наушник; Headphones.

4. Бума; Папка; Icon.

5. Ұлғайтқыш; Лупа; Magnifying glass.

6. Мәтіналғы; Сканер; Scanner.

7. Тінтуір; Мышка; Mouse

8.Пернетақта; Клавиатура; Keybord

9. Қатқыл диск; Винчестер; Hald disk

10.Басып шығарғыш; принтер; printer.

Сонымен IV – бөлімді бастаймыз.

IV – бөлім. «ҚҰПИЯ АЛАҢ».

Бұл бөлімнің шарты бойынша II бөлімнің қорытындысы бойынша ең төменгі ұпай санын алған топтан бастаймыз. Ойынның шарты білімалушы өзіне кез-келген ұяшықты

таңдайды, ұяшық астында сұрақ пен ұпай саны немесе тек ұпай, келесіге жүріс, сұрақ пен сыйлық жазылған. Егер сұраққа дұрыс жауап берсе ары қарай ұяшықтарды таңдауды жалғастырады. Егер дұрыс жауап бере алмаса білетін білімалушы жауап беріп, ойынды сол жалғастырады.

- 1) 0 мен 1 нені құрайды ? 5 ұпай : Битті құрайды
- 2) Графикалық ақпаратқа нелер жатады ? 10 ұпай: Суреттік ақпараттар жатады.
- 3) Принтердің түрлерін ата? 20 ұпай Матрицалық , лазерлік, сия бүріккіш және термографиктік (плоттер)
- 4) Операциялық жүйе дегеніміз не ? сыйлық: Бұл қолданбалы программаларға бақылау жасап түрлі программалардағы мәліметтердің шатасып кетпеуін қадағалап отыруы қажет .
- 5) Джойстик дегеніміз не ? 5ұпай: Джойстик – компьютерлік ойындарда қолданылатын қолмен басқарылатын тетік.
- 6) Біздің компьютерлер қандай операциялық жүйеде жұмыс істейді ? 10 ұпай : Microsoft Windows
- 7) Компьютердің қосымша құрылғыларын ата? 25 ұпай : Диск, дискет,флешка, принтер, калонкалар т.б.
- 8) Қапшық папка дегеніміз не ? 20 ұпай : Аты аталған файлдар тобы
- 9) Бауыржан деген сөзде неше байт бар ? 15 ұпай: 1байт
- 10) Файл дегеніміз не ? (сыйлық): Белгілі бір атпен аталған дискідегі біртекті мәліметтер жиыны
- 11) Компьютерлік дискілерді ата ? 15 ұпай: (CD-ROM, DVD-ROM, BD-ROM)
- 12) Флешка дегеніміз не ? 5 ұпай: Ақпаратты тасымалдаушы құрал
- 13) Қатқыл диск қайда орналасқан ? 10 ұпай: Жүйелі блокта
- 14) +5 ұпай:
- 15) Компакт дискіні оқитын құрылғы? 15 ұпай: Жүйелі блок
- 16) «Диск» сөзінде қанша бит бар ? 25 ұпай: 4 бит
- 27) +5 ұпай:

Сонымен V – бөлімді бастаймыз.

V – Бөлім «БЕЙНЕ СҰРАҚ»

Қорытынды: Жеңген топты марапаттау

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.